

ӘДІСТЕМЕЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

«Білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагогтердің бәсекеге қабілеттілігін және кәсіби құзіреттілігін дамыту»



Білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагогтердің бәсекеге қабілеттілігін және кәсіби құзіреттілігін дамыту

Мақсаты: Еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Құзіретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси онтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тiлдi, шығармашыл, кәсіби маман дайындау.

Міндеттері:

- Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін дамыту
- педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру;
- педагогикалық базалық білім беру стандарттарын, мектеп мұғалімдері мен колледжді, жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыру талаптарын жаңарту;

- білім саласына әлемнің үздік жетістіктерін енгізу;

- оқу процесін заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу;


Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

Сондықтан қазіргі уақытта дайын білімдерді игеру мен жалпылау мақсат емес, ол адамның интеллектуалды дамуының көмекші құралы болып табылады. Ал қажетті ақпараттарды өз бетінше табу, мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын іздеу, алынған білімдерді сын тұрғысынан талдай білу және оларды жаңа тапсырмаларды орындауға қолдану жаңартылған білім мазмұнының нәтижесі.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсырынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен...

Ораза А.Ә.



Қоғамдық пәндер сабақтарында қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау.

«Адамзат үшін XXI ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» (Н.Ә. Назарбаев)

Колледждік – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім, оқытушы. Ізденімпаз оқытушының сабақты оқыту шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін - өзі жетілдіруге талынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасуда, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындаып отыр. Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (бұдан кейін АКТ) пайдалану. АКТ - ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ - ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процесінің қарқынды дамуы жан - жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. АКТ - ның негізгі мақсаты – студентті қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс - әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан - жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде АКТ - ны пайдалану мен студенттердің құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ - ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану студенттің білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ - ны сабақта пайдалану кезінде студенттер бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу студенттерді ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудару білуге баулиды, сондай - ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында студенттердің өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейді.

Әрбір оқытушының алдына келген студент де әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды флеш - карталарына салып берудің тиімділігін білеміз.

Видео - сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан студенттерді жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т. с. с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, оқытушының осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Студенттердің ақпаратты теледидар, компьютер және т. б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз.

Аубакирова А.М.



Қоғамдық пәндер сабақтарында білім мазмұнын жаңарту жағдайында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып бәсекеге қабілетті маман даярлау.

Колледждік – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім, оқытушы. Ізденімпаз оқытушының сабақты оқыту шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында дамуың жеті басым бағытын айқындады, оларды жүзеге асыру әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына біздің елімізді де қосылуына жол ашатын міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Осындай ең өзекті басымдықтардың бірі қазіргі білім беру мен озық ғылымды дамыту болып табылады. Білім беру жүйесі – бұл ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана – сезімнің даму көрсеткіші болып отыр. Ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістерді бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге осы түбегейлі өзгерістерге белсенді ықпал етеді. Оқу - білім беру – жеке адамның әлеуметтік – экономикалық процестерге еркін қосылуын қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. География пәнінен оқу жетістігін жоғарылатудағы әдіс тәсілдер, оқыту технологияларын тиімді қолдану арқылы сапалы білім беру, білім алушыларды шығармашылыққа, ізденіске, өз бетімен ақпараттарды іріктеу, талдау, қорытынды жасау арқылы кәсіби шеберліктерін дамыту өзара тәжірибе алмасу.

География сабағында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер: СТО, дарынды және талантты оқушылармен жұмыс, көшбасшылық оқыту мен оқуға АКТ-ны пайдалану, жекелей, топтық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар, Блум таксономиясы, сұрақ-жауаптар т.б.

Оқытушы үшін оқу нәтижелері:

- Оқушылардың бірін-бірі сынау арқылы аталған тақырыпты пысықтау.
- Берілген тапсырмаларды топта орындауға үйрету.
- Оқушылардың өзін және достарын бағалауға дағдыландыру.
- Топта жұмыс істеу дағдысы
- Географиялық тілде сөйлеу қабілеттері.

Бүгінгі таңда заман ағымына сай жас ұрпақтарды тәрбиелеуде ұстаздардың алдындағы жауапкершілік салмақтана түскендей. Осы жылы мен білім жетілдіру курсының жаңа форматтағы ұйымдастырылған онлайн курсына қатыстым. PIZA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша көптеген ақпараттармен таныстық.

Қазіргі уақытта заман талабына сай еркін, өзіндік дәлел – уәждерін нақты жеткізе білетін, ынталы, өзін сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерумен қатар, санлық технологияларда құзырлық танытатын оқушы тәрбиелеу - мұғалімдердің басты міндеті. Осыған орай, әр мұғалім өз алдына мақсат қойып, оқу үрдісінде жаңа әдіс - тәсілдерді қолдану арқылы соған жетуді көздейді.

Иманғалиева Г.С.

Қоғамдық пәндер бірлестігі

